

Тәжікстан Республикасына мемлекеттік ресурстан жөнелтілетін астықты кеден бажынан босату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 16 мамыр N 687. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.09.18. N 1267 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы 2 мамырдағы N 163 өкіміне сәйкес мемлекеттік ресурстан астық сатуды жеделдету және түскен қаржыны 1995 жылдың астығын сатып алуға барынша жөнелту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және "Астық" акционерлік компаниясының ағылшынның "Титадаз ЛТД" компаниясымен "Астық" акционерлік компаниясының 1995 жылғы 7 сәуірде N 28-7/006 жасаған контракты бойынша Тәжікстан Республикасына жөнелтілетін 100 мың тонна көлемдегі астықты кеден

бажынан босату жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіп биржасы Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім бойынша астық экспортына сертификатты хаттайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі